

* ¹ Асылғожин Р.Р., ² Хабибуллин Э.И. ³ Ситдиқов А.Р.

¹ ҚР ҒЖБМ ҒК Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми-зерттеу институты, Астана, Қазақстан,

^{2,3} ЮНЕСКО-Ның «Янган-тау» Геопаркі, Янгантау аулы, Салават ауданы, Башқұртстан (РФ)

E-mail: ¹ asrafil@yandex.ru, ² Murzalar@mail.ru, ³ arsitdik@mail.ru

ДЕШТІ ҚЫПШАҚТАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАР: ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ БАШҚҰРТ РУЛАРЫНА ЫҚПАЛЫН АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКАЛЫҚ РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ

Аңдатпа. Мақала Еуразия мен ордадан кейінгі кеңістіктегі ауқымды этномәдени және көші-қон процестері контекстінде солтүстік-шығыс башқұрттардың (мырзалар, тырнақлы, қаратауылы және түбеляс ру-тайпалық бірлестіктері) этногенезін кешенді түрде қайта құруға арналған. Зерттеудің жаңалығы пәнаралық синтезде жатыр: дәстүрлі шығыстану деректері (жазба деректер, шежірелік аңыздар) мен археология физикалық антропология материалдары және популяциялық генетиканың соңғы нәтижелерімен біріктірілген. Жұмыстың мақсаты — Ай-Юрюзань өзенаралығы тұрғындарының ерте және кейінгі орта ғасырлардағы қалыптасу кезеңдерін, бағыттары мен тетіктерін анықтау, бұл аймақты Жошы Ұлысы (Алтын Орда) шекарасындағы белсенді саяси және өркениетаралық өзара іс-қимыл аймағы ретінде қарастыру. Әдіснамасы. Археология, тарихи антропология және популяциялық генетика әдістеріне (Y-хромосомалық, митохондриялық және аутосомдық талдау) сүйене отырып, авторлар зерттеліп отырған топтардың генофондының қалыптасуына ордаға дейінгі, қыпшақтық және элиталық алтынордалық компоненттердің қатысу дәрежесін анықтайды. Нәтижелері. Солтүстік-шығыс башқұрттар генофондының Орта Азия популяцияларымен тығыз тарихи-мәдени байланыстарын көрсететін күрделі әрі гетерогенді құрылымы анықталды. Қаратауылы руының генетикалық желілері кең қыпшақтық және оңтүстіксібірлік ареалмен сәйкеседі, ал түбеляс руының субкластары Алтай, Шығыс Қазақстан және бірқатар ортаазиялық топтар тарапынан тікелей көші-қон векторларын көрсетеді. Алтын Орданың шеткі аумақтарға ықпалы жергілікті субстратты жаппай алмастыру түрінде емес, көшпелі элитаның нүктелі инфильтрациясы және оның кейіннен автохтонды ру-тайпалық құрылымға кірігуі түрінде көрінгені дәлелденді.

Алғыс. Мақала BR 28713777 «Қазақстан тарихы мен географиясына қатысты жаңа деректер: талдау, аудару және ғылыми айналымға енгізу» ғылыми жобасын іске асыру аясында дайындалды.

Кілт сөздер: Жошы ұлысы, Дешті Қыпшақ, көшпелі элиталар, түркі-моңғол тайпалары, номадтар этногенезі, Ай-Юрюзань өзенаралығы, Орта Азия, этносаралық байланыстар, шежере, палеогеномика, тарихи антропология.

Кіріспе

Орта ғасырлар мен ерте Жаңа заман дәуіріндегі Оңтүстік Орал халқының этногенезі — Ұлы даланың іргелес өңірлерінен келген қуатты көші-қон толқындары мен автохтонды (жергілікті) тайпалық одақтардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасқан күрделі динамикалық жүйе. Осы тұрғыда тарихи тағдыры Жошы ұлысы ішіндегі процестермен және Ордадан кейінгі кеңістіктің одан әрі трансформациялануымен тығыз байланысты башқұрт этносының солтүстік-шығыс топтарын зерттеу ерекше ғылыми маңызға ие.

Бұл зерттеудің өзектілігі дәстүрлі тарихнама және генеалогиялық аңыздар (шежіре) деректерін палеогеномика мен физикалық антропологияның заманауи әдістері арқылы растау (верификациялау) қажеттілігімен негізделеді. Солтүстік-шығыс башқұрттардың, әсіресе Ай-Юрюзан өзендері аралығындағы (бұдан әрі – АЮА, авт.) байырғы халықтың арасында басымдыққа ие оңтүстік сібірлік антропологиялық тип ерте орта ғасырлардағы (IX–XII ғғ.) көшпелілермен және алтынордалық дәуірдегі түркі-моңғол топтарымен терең сабақтастықты көрсетеді. Алайда, Мырзалар және Тырнақлы сияқты жекелеген рулық құрылымдардың шығу тегі әлі де пікірталас тудыруда, өйткені олардың этнонимдерінің кең ауқымды түркі номенклатурасында тікелей баламалары жоқ.

Ғылыми мәселе жазбаша дереккөздер мен биологиялық маркерлер арасында анықталған қайшылықта жатыр. Егер солтүстік-шығыс башқұрттардың (Әйле, Дыуан, Күдей, Мырзалар) дәстүрлі шежірелері этникалық топтасу мақсатында генеалогияны бір ортақ ата-бабаға әкелуге тырысса, геногеографиялық деректер мүлдем басқа көріністі нұсқайды. Атап айтқанда, башқұрттарда Солтүстік және Орталық Еуропаға тән I1-M253 гаплотобының тіркелуі бұл генетикалық желілердің Оралға ену жолдары мен уақыты туралы мәселені көтереді. Батыс башқұрттарда (Герей, Қырғыз) туыстас желілердің (I1-M227) болуына қарамастан, мырзалар руының I1-z140/L-Y215805 кластері өзіндік ерекше хронологияға ие: оның жасы 700–900 жылмен бағаланады, бұл моңғол жаулап алулары дәуірімен және Жошы ұлысының (Алтын Орданың) гүлдену кезеңімен сәйкес келеді.

Зерттеу гипотезасы XIII–XV ғасырлардағы қыпшақ-орда мигранттарының жергілікті ордаға дейінгі халықпен бірігуі Әйле тайпаларының аумақтық бірлестігінің негізіне айналған бірегей симбиоздың пайда болуына алып келді деген болжамға құрылған. Аристократиялық «мырза» титулының ру этнониміне айналуы Жошы ұлысының дағдарысы кезеңінде башқұрт ортасында өздерінің жоғары ұстанатын жағдайын сақтап қалған жергілікті элиталық топтардың әлеуметтік мәртебесін айғақтайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу әдіснамасы физикалық антропология мен популяциялық генетика әдістерін біріктіретін кешенді пәнаралық тәсілге негізделген. Бұл интеграция жазбаша дереккөздер мен фольклорлық материалдардың (шежіре) мәліметтерін антропологиялық және биологиялық (генетикалық) айғақтар арқылы растауға (верификациялауға) мүмкіндік береді.

Археологиялық әдістер. Өңір ескерткіштерінің мәдени тиесілігін мерзімдеу мен сәйкестендірудің негізгі құралы ретінде типологиялық әдіс қолданылды. Зерттеу Башқұртстанның солтүстік-шығысының археологиялық жағдайын талдауға бағытталған. Шығыс өңірдегі чиялик археологиялық мәдениетінің шеткі аймағы ретінде қарастырылатын Тырналы (Турналинское) қалашығына (б.з. XIII–XIV ғғ.) ерекше назар аударылды. Стратиграфия және фортификациялық құрылыстарды типологиялық талдау әдістерін қолдану үйінділер мен орлардың үш қабатты жүйесін анықтауға мүмкіндік беріп, оны ерте темір ғасырының, сондай-ақ ерте және кейінгі орта ғасырлардың мәдени горизонттарымен сәйкестендіруге жол ашты. Бұл нысанды Приуральедегі (Жайықалды өңіріндегі) Алтын Орда ықпалының негізгі форпостарының бірі ретінде жіктеуге негіз береді.

Антропологиялық талдау. Жұмыста өңір халқының морфологиялық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған тарихи-антропологиялық тәсіл қолданылды. Бұл әдіс орталық азиялық және жергілікті компоненттердің башқұрт руларының қалыптасуына қатысу деңгейін анықтай отырып, АЮА тұрғындарының Жошы ұлысы популяцияларымен этногенетикалық және әскери-саяси байланыстарын қадағалауға мүмкіндік береді.

Генетикалық верификация және іріктемені қалыптастыру. Зерттеудің генетикалық бөлімі аталған мәдениеттерді алып жүрушілердің этнотілдік тиесілілігіне қатысты пікірталас тудыратын мәселелерді нақтылауға бағытталған. Зерттеудің эмпирикалық базасын осы зерттеу авторлары 2025 жылы далалық этнографиялық экспедициялар барысында Қазақстан

Республикасында тұратын башқұрт рулары ұрпақтарынан жинаған биологиялық үлгілер (буккальды эпителий) құрады. Өзіндік іріктеменің (выборканың) жалпы көлемі N=45 құрады. Рулық топтар (кландар) бойынша таралуы: Мырзалар (n=18); Тырнақлы (n=11); Қаратаулы (n=8); Тубеляс (n=8). Іріктемені қалыптастыру кезінде қатаң іріктеу критерийі қолданылды: донорлар АЮА кландарына тиесілілігін растайтын генеалогиялық мәліметтер негізінде аталық желісі (ерлер желісі) бойынша 6-шы ұрпаққа дейін қоса алынып тексерілді. Салыстырмалы талдау (компаративті әдіс) үшін бұрынырақ жүргізілген экспедициялар барысында алынған және жарияланған көршілес кландардың (айле, дуван, кудей) ДНҚ-зерттеулерінің нәтижелері (Юсупов, 2016; ИБР 2017 б; ИБР, 2017 а) тартылды.

ДНҚ экстракциясы және одан кейінгі генотиптеу Y-хромосома полиморфизмін талдаудың стандартты хаттамалары бойынша жүргізілді. Y-DNA, mtDNA және аутосомдық маркерлер (ерлер мен әйелдер ағзаларында бірдей болатын жыныстық емес хромосомалар) дерекқорлары бойынша салыстырмалы генетикалық талдау әдісі верификацияланатын тарихи білім алудың салыстырмалы түрде жаңа әрі жоғары тиімді тәсілі болып табылады. АЮА башқұрт халқының Орталық Азия популяцияларымен, оның ішінде, атап айтқанда, қазақтың ру-тайпалық топтарымен ықтимал этногенетикалық байланыстарын анықтау үшін біз осы жоғары технологиялық әдістемеге жүгіндік.

Талқылау

АЮА орта ағысының аумағы Оңтүстік Орал алдының (Предуралье) солтүстік-шығыс шетінде стратегиялық орынға ие. Географиялық тұрғыдан бұл ареал Орал тауларының күрделі тау-орман жүйесіне кіретін (интеграцияланған) кең байтақ орманды дала жазығын білдіреді. Су және минералды ресурстардың молдығымен ерекшеленетін өңірдің бірегей ландшафтық ерекшеліктері жоғарғы палеолит дәуірінен бастап соңғы орта ғасырлар мен Жаңа заман кезеңіне дейін бұл аумақтың үздіксіз антропогендік игерілуіне ықпал етті.

Өңірдің археологиялық жағдайы.

Ерте орта ғасырлар дәуірінде (VIII–XII ғғ.) Ай-Юрюзань өзенаралығында (АЮА) өздерінен кейін Лагерь, Ішімбай, Еділбай, Қаранай және Ескі Халилово қорғандары сияқты бірқатар өкілдік қорған қорымдарын қалдырған көшпелі қауымдардың белсенділігі байқалады. Н.А. Мажитовтың классикалық еңбектерінде егжей-тегжейлі сипатталған бұл ескерткіштердің материалдары далалық аймақтың протогосударлық (мемлекетке дейінгі) бірлестіктерімен тығыз өзара әрекеттесуде болған тұрғындардың материалдық мәдениетінің жоғары даму деңгейін көрсетеді (Мажитов, 1981а: 160-161). Осы тарихи іргетас негізінде XIII–XVII ғасырларда өңірдің Алтын Орда және ордан кейінгі дәуірлердегі келбетін айқындайтын өзіндік археологиялық жағдай қалыптасады.

Аймақтық археология ғылымында XIII–XV ғасырлар кезеңі дәстүрлі түрде чиялик мәдениетінің қызмет етуімен байланыстырылады (Гарустович, 2015а: 181-182). Негізінен орманды далалық Приуральеде (Жайықалды өңірінде) шоғырланған бұл мәдениет АЮА-да өз кезегінде шығыс шеткі аймағы ретінде ұсынылған. Бұл аудандағы чиялик ескерткіштерінің ғылыми маңыздылығы олардың көшпенділердің отырықшы өмір салтына көшу процестерін және олардың Жошы Ұлысының әкімшілік жүйесіне интеграциялануын көрсететін өтпелі сипатымен айқындалады. Онжылдаған зерттеулерге қарамастан, чиялик мәдениетін тасымалдаушылардың этникалық және лингвистикалық тиесілігі (угор немесе түрік компоненті) мәселесі қазіргі урал-еділлік археологиядағы ең өткір пікірталас тудыратын проблемалардың бірі болып қала береді (Нечвалода, 2019: 447; Иванов, 2024: 156). Соңғы жылдары Подымалово-1 және Ябалаклы-1 қоныстарына жүргізілген жоспарлы қазба жұмыстарының арқасында деректер базасы едәуір кеңейді, олардың нәтижелері АЮА материалдарымен дұрыс салыстырмалы аналогиялар жүргізуге мүмкіндік береді (Берсенев и др., 2024: 48; Русланов 2023: 120).

Алтын Орда заманындағы АЮА археологиялық ландшафтын айқындайтын негізгі ескерткіш - Тырналы (Турналинское) қалашығы. Бұл нысанның жоғарғы стратиграфиялық горизонттары б.з. XIII–XIV ғасырларына сенімді түрде мерзімделеді (Мажитов, 1964: 31). Ескерткіш Ай өзенінің сол жағалауының биік мүйісінде (шамамен 20 м) орналасып, рельефте үстем орын алады. Шатқалдың жергілікті атауы «Қала-тау» – көне фортификациялық құрылыстардың орналасқан жерлерін белгілейтін типикалық тарихи топоним болып табылады (Тузбеков, 2017: 125). Тырналы қалашығы үш тізбекті топырақ үйінділері мен терең орлардан тұратын күрделі қорғаныс жүйесіне ие. Қазба жұмыстары кезінде табылған мәдени қабаттар алаңның ерте темір ғасырынан бастап кейінгі орта ғасырларға дейін бірнеше рет қолданылғанын куәландырады.

Жоғарғы қабатты мерзімдеу үшін кашин керамикасы мен жылтыратылған ыдыс сынықтарының табылуының маңызы ерекше. Жоғары технологиялық өнім болып табылатын кашин керамикасы XIV ғасырда Оңтүстік Приуральеге жаппай ене бастады, бұл АЮӨА-ның трансконтиненталды сауда желілеріне кіріктірілгенін көрсетеді (Тузбеков, 2021 а: 160-164). Н.А. Мажитов қалашықтан табылған жылтыратылған құмыраның Орта Азиядағы Отыр (қазіргі – Қазақстанның оңтүстігі) материалдарымен морфологиялық ұқсастығына сүйене отырып, Тырналы қалашығын Приуральенің алтынордалық пунктірі ретінде түсіндірді (Мажитов, Султанова, 2009: 388). Тұрғын алаңның шағын өлшемдері қуатты фортификациямен үйлесе отырып, оны Алтын Орда ханының башқұрт феодал-вассалының қоныс-мекені (усадыбасы) ретінде қарастыруға мүмкіндік береді (Мажитов, 1981 б: 223).

Қазіргі заманғы тарихнамада баламалы түсіндірмелер де бар. Мәселен, В.А. Иванов пен В.А. Злыгостев бұл нысанды чиялик мәдениетін тасымалдаушылардың қыстауы (кышлау) ретінде қарастырады (Иванов, Злыгостев, 2021: 144). Е.А. Русланов басқа да перспективалы гипотезаны ұсынып, қалашық «Солтүстік сібір сауда жолында» кедендік және бақылау пункті қызметін атқарды деп болжайды. Бұл өзен артериясы арқылы сібірлік халықтардың қажеттіліктері үшін Оңтүстік Приуральеде өндірілетін беделді тауарлар мен металлургиялық өнімдердің, атап айтқанда әйгілі шойын қазандардың транзиті жүзеге асырылған. Белсенді тауар-ақша қатынастарының растауы ретінде 1980 жылғы археологиялық есептерде тіркелген күміс дирхамның (өкінішке қарай, қазір жоғалған) табылуы қызмет етеді.

Қоныстық ескерткіштерге толықтыру ретінде Тырналы қалашығының маңында орналасқан және 1968 жылы Ю.А. Морозов ең жақсы зерттеген Қадыр (Кадыровские) I және II қорымдары қызмет етеді (Археологическая карта, 1976: 139). XI–XII ғасырлардан XVIII ғасырдың басына дейін жұмыс істеген бұл некропольдер айлин-башқұрттардың рухани мәдениетін көрсетеді. Қадыр I қорымының 21 жерлеу орнына жүргізілген археологиялық зерттеулер мұсылмандық ғұрыптың үстемдігін анықтады: асты ойылған (подбойный) қабір шұңқырлары, батысқа бағдарлануы және бетінің құбылаға қаратылуы. Алайда исламға дейінгі наным-сенімдердің сарқыншақтарының (аяқ-қолдарын байлау, қола ыдыстардың болуы, бағдардың тұрақсыздығы) тіркелуі мәдени дәстүрлердің синкретизмі жағдайында өткен өңірлік тұрғындардың ұзақ уақытқа созылған исламдану процесін куәландырады (Гарустович, 2016: 26-30).

Осылайша, АЮА-ның өзекті археологиялық жағдайы алтынордалық кезеңде өңір халқының оқшауланбағанын, керісінше Еуразияның ірі қалалық және қолөнер орталықтарымен тікелей байланыстарды сақтай отырып, Жошы Ұлысының экономикалық және саяси процестерінің белсенді қатысушысы болғанын сенімді түрде мәлімдеуге мүмкіндік береді.

Өңірдегі рулық топтардың антропологиясы

Башқұрт этносының физикалық келбетін жүйелі түрде зерттеу XVIII ғасыр зерттеушілерінің алғашқы сипаттамалық жазбаларынан бастау алатын ұзақ тарихқа ие. Алайда, антропологиялық ізденістердің нағыз ғылыми, академиялық іргетасы XX ғасырдың басында көрнекті ғалым С.И. Руденконың басшылығымен жүргізілген ауқымды

экспедициялардың арқасында қаланды. Бұл жұмыстардың нәтижелері башқұрттардың морфологиялық әртүрлілігін тіркеп қана қоймай, кейінгі көпжоспарлы зерттеулер үшін бастапқы нүкте болды. Қазіргі антропологиялық жіктемеде башқұрт популяциясының құрамында төрт негізгі тип бөліп көрсетіледі: суборал, оңтүстік сібір, понтийлік және аққұба еуропеоидты (светлый еуропеоидный). Олардың әрқайсысы оралдық типтегі ежелгі автохтонды субстраттан бастап сармат-алан және кейінгі түркі-моңғол тайпаларының көші-қон толқындарына дейінгі нақты тарихи қабаттардың көрінісі болып табылады (Антропология башкир, 2011: 387–388).

АЮА башқұрт халқы тарихи ретроспективада XVII–XVIII ғасырлардағы құжаттық дереккөздер бойынша «Ай тобы», «Айленіктер» ретінде белгілі рулық бірлестікті құрады. Әлі XVII ғасырдың екінші жартысында басталған бұл одақтың ыдырау процесі рулық принцип бойынша құрылған 12 дербес болыстың құрылуына әкелді, бұған 1734 жылғы арыз (челобитная – Московияда азаматтық немесе қылмыстық іс бойынша өтініш немесе шағым баяндалатын құжаттың айрықша түрі) куәлік етеді: «В прошлых годех до взятъя царства Казанского пращеры прадеды и деды и отцы наши и мы нижайшие башкирцы двенадцати волостей, а именно Айлинской, Дуванской, Сарты, Сызгинской, Упейской, Черлинской, Мурзаларской, Тюбеляцкой, Каратавлинской, Тырняклинской, Алыской, Жилаирской владели вотчинною землею и всякие угодьи по раздаче ногайского хана по тамгам и по урочищам без письменных крепостей всю вообще и по взятю Царства Казанского тою нашей землею и всякими угодьями владеем ... и ясак платим все 12 волостей вопще...» (ИБР 2017 а: 312). Исле, Дуван, Құдуй және Мырзалар руларының дәстүрлі шежірелік ескерткіштерінде Сырдарияның дала аудандарынан келген біртұтас аңызға айналған ата-бабадан (Мырзабек немесе оның ағалары) шыққан моноцентризм идеясы дәйекті түрде жүргізіліп жатқанын атап өту маңызды (Кузеев, 2010: 191).

Фольклористика тұрғысынан «сұр атты» жоғалту және кейіннен Оралда жаңа отан табу туралы мұндай сюжеттер классикалық этногониялық миф болып табылады. Дегенмен, Айле және Табын бірлестіктерінің тұтас бірқатар тайпаларының (кландарының) биологиялық бірлігін негіздейтін мұндай мифтер физикалық антропология мен популяциялық генетика материалдарымен белгілі бір дәрежеде қайшылыққа түседі.

Бұл процестерді верификациялау үшін эмпирикалық базаны Айле башқұрттарының қоныстары мен қорымдарында жүргізілген қазба жұмыстары барысында алынған краниологиялық сериялар ұсынады: Старо-Халилово, Абдрашитово, Ахуново (Антропология башкир, 2011: 87) және Кадырово (Нечвалода, 2015: 388). Бұл материалдарды талдау АЮА халқының антропологиялық келбетінде оңтүстік сібір типі басым екенін көрсетеді. Бұл ретте Башқұртстанның солтүстік-шығысында аталған типтің генезисі моңғол жаулап алуының тікелей салдары емес, ерте ортағасырлық көшпелілердің (VIII–XII ғғ.) көші-қонымен байланысты деп тұжырымдаған Р.М. Юсуповтың тұжырымдамасы қағидаттық маңызға ие. Юсупов Алтын Орда дәуіріндегі башқұрттардың «моңғол-татарлармен» байланысы ауқымды биологиялық ассимиляциядан гөрі, этномәдени және әскери-саяси өзара әрекеттесу форматында болды деп есептеді. Ордалық топтардың инфильтрациясы нүктелі, көбінесе элиталық сипатта болды, бұл жергілікті субстраттың морфологиялық тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік берді (Антропология башкир, 2011: 94). Бұл қорытындының дұрыстығы Жошы ұлысының орталық облыстары мен қазіргі қазақтардың материалдарын салыстырмалы талдау кезінде расталады. АЮА башқұрттары ордаға дейінгі кезеңдегі «Башқұртстан көшпелілерімен» және шиялық археологиялық мәдениетін алып жүрушілермен тұрақты жақындықты көрсетеді. Соңғы орта ғасырлардағы Сынтыштамақ қорғандарының краниометриялық деректері бұл ұқсастықты растайды: осы жерлеу орындарынан табылған бас сүйектер сериясы солтүстік-шығыс аудандардағы қазіргі башқұрттардың физикалық типімен тікелей аналогтарды байқатады (Ефимова, 1991: 81). Бұл орда кезеңінде аталған аумақта ерте

орта ғасырлар дәуіріндегі ата-бабаларының физикалық сипаттамаларын сақтап қалған тұрақты популяция өмір сүруін жалғастырды деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Дегенмен, антропологиялық деректер АЮА аумағында алтынордалық аристократиямен генетикалық байланысты ерекше қабаттың бар екенін тіркейді. Зерттеу аясынан тыс, Башқұртстанның тас кесенелерінен, атап айтқанда билеуші Хұсейнбектің кесенесінен табылған бірегей материалдар осы әлеуметтік стратификацияны түсінуге кілт беретінін атап өтейік. Зерттеулер бұл қорымнан табылған бас сүйектің қазақ және солтүстік-шығыс башқұрт топтарының морфологиялық өзгергіштік шекарасында орналасып, Ахуново (Мырзалар руы) және Наурузоводан алынған краниологиялық серияларға барынша жақындығын көрсетті. Ахуноводан алынған іріктеме барлық башқұрт серияларының ішіндегі ең моңғолоидтысы ретінде танылғанын, бұл оны жалпыөңірлік контекст аясында ерекшелейтінін атап өткен маңызды (Гарустович, Нечвалода, 2020: 274–285).

АЮА руларының бір бөлігінің шығу тегінің «элиталық» нұсқасының пайдасына тағы бір маңызды дәлел ретінде Қазан ханы Махмұдтың келбетімен морфологиялық параллельдер қызмет етеді. Қазан кремлінің I кесенесінен табылған ханның бас сүйегі Мырзалар руының башқұрт серияларына, сондай-ақ Қоңырат өңірінің қазақ серияларына таңқаларлық жақындықты көрсетеді (Гарустович, Нечвалода, 2020: 278, 282). Белгілердің мұндай кластерленуі өзіндік антропологиялық келбетке ие және жоғары әлеуметтік мәртебеге үміттенетін (бұл «мырза» этнонимінің өзінде көрініс тапқан) Мырзалар руы ордалық элиталық топтардың башқұрт ортасына инкорпорациялануының өнімі болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Өңірдегі рулық топтардың генетикалық сипаттамасы

Бүгінгі таңда кең ғылыми айналымға солтүстік-шығыс башқұрттардың жеткілікті көлемдегі іріктемесі енгізілген (Юсупов и др., 2016: 19). Алайда аталған іріктемеге өзіндік ерекшелігі бар солтүстік-шығыс башқұрт кландары жеткіліксіз дәрежеде енгізілгенін, ал бірқатар жергілікті рулар дерекқорларда мүлдем болмағанын мойындау керек. Осы себепті, «Янған-Тау» ЮНЕСКО Ғаламдық геопаркінің белсенді қолдауымен 2014–2024 жылдар аралығындағы онжылдық кезеңде қосымша генетикалық материал жинау бойынша жұмыс жүргізілді. Зерттеу башқұрттың Мырзалар, Тырнақлы, Тубеляс және Қаратаулы руларының өкілдерін (аталық желісі бойынша тікелей ұрпақтарын) қамтыды. Бұл топтар тарихи өткен кезеңде біртұтас Ай тобының құрамына кірген және АЮА аумағында жинақы қоныстанған. Жұмыстың бұл кезеңінің негізгі мақсаты Y-хромосомасының полиморфизмі бойынша аталған популяциялардың көші-қон жолдары мен генетикалық сабақтастығын қайта жаңғырту (реконструкциялау) болды.

Жүргізілген генетикалық зерттеулердің нәтижелері бірқатар іргелі тұжырымдарды растауға мүмкіндік берді. Екі негізгі рулық топ – Мырзалар және Тырнақлы өкілдері үшін Y-DNA бойынша басым (абсолютті доминантты) гаплотоп ретінде I1-z140 анықталды. Бұл генетикалық желі Солтүстік Еуропа халықтары үшін спецификалық маркер болып табылады. Біздің өзіндік іріктемеміз 18 мырза руынан және 11 тырнақлы руынан Y-ДНК үлгісін құрады. Бұған дейін жүргізілген зерттеулерді және башқұрт этносының құрамындағы аталған рулардың жалпы санының салыстырмалы түрде аздығын ескере отырып, қазіргі мырзалар мен тырнақлылардың басым бөлігінің аталық желісі бойынша шығу тегін солтүстік еуропалық өңірден шыққан мигранттармен жоғары сенімділікпен байланыстыруға болады. Хронологиялық тұрғыдан бұл процесс біздің заманымыздың I мыңжылдығының екінші жартысына сәйкес келеді, бұл ретте еуропалық тармақтардың башқұрт субкладтарынан бөліну уақыты б.з. V–VI ғасырларымен мерзімделеді.

Бұл генетикалық желілерді тасымалдаушылар Оңтүстік Оралға келіп, ғасырлар бойы оралдық, ирандық және түркілік тектен шыққан жергілікті автохтонды халықпен ассимиляцияланған. Сірә, б.з. II мыңжылдығының басына қарай олар өңірлік халықтың ажырамас құрамдас бөлігіне айналып, одан әрі күрделі этногенез барысында қазіргі башқұрт

халқын қалыптастырды. I1-z140 гаплотобының жалпы алғанда түркі және орталық азиялық халықтар үшін мүлдем тән емес екенін атап өткен маңызды. Салыстыру үшін: ордалық шығу тегі расталған қазақ руларының көпшілігінің өкілдерінде шығысаязиялық және далалық желілер – C, O, D гаплотоптары басым, олардың жиынтық үлесі жиі 50%-дан асады.

Алайда, митохондриялық ДНҚ (mtDNA) талдауының нәтижелері, яғни мырзалар мен тырнақлы рулары аналық желісі бойынша туыстықты зерттеу өзге көріністі көрсетті. Классикалық еуразиялық желілермен (U5a/T1a) қатар тіркелген C4a1*, U4d2g, D4a сияқты шығысаязиялық текті генетикалық желілердің айтарлықтай үлесі анықталды. Мұндай жағдай – «батыстық» аталық желі мен «шығыстық» аналық желінің қатар келуі – Еділ бойы мен Оралдың элиталық топтарын зерттеу нәтижелерінде жиі кездеседі. Мысалы, N-P43>Y3195 субклада өз тегін ықпалды ордалық әмір Қарабектен тарататын «карин» князьдеріне тән. Бұл ретте аталған субклад өз құрылымы бойынша ұдмұрт және обь-угор топтарына жақын болып шықты (Генофонд татар, 2021: 54–58). Осындай параллельдер қызметтегі Яушев мырзаларда және Қазан князі Яуштың ұрпақтары саналатын I1-DF29>Z63>Y4493 солтүстікеуропалық желісінің басқа да өкілдерінде байқалады (Генофонд татар, 2021: 42–43). Сонымен қатар, тарихи Мещёра (Мукша ұлысы) облысының мырза руымен Ока-Сура өзендері аралығындағы мокшаларға Y-DNA J2b-Y12000 генетикалық желісі тән. Бұл топтардың барлығы өз уақытында Орал мен Еділ бойындағы Алтын Орда аристократиясының орбитасына енгізілген болатын (Генофонд татар, 2021: 12, 63–65).

Сондай-ақ, біздің басқа да генетикалық ізденістеріміздің нәтижелеріне назар аудару қажет. Башқұрттың Тырнақлы кланы өкілдерінің бірі, атап айтқанда оның Түрікмен-Тырнақлы кіші руы Y-DNA R1b (DYS390=22, DYS385=13-16) генетикалық желісіне жататыны анықталды. Бұл желі Қаратаулы және Телеу руларының тармағына параллель болып табылады. Түрікмен-Тырнақлы өкілдерімен бірге, спецификалық Y-STR маркерлерін (бірегей генетикалық профильдерді) талдау негізінде, бір кластерге башқұрттың Меркіт кланының өкілдері (R-Y22195 желісі), сондай-ақ телеуттер (Тогул, Аз-Кыштым топтары), шорлар, томск татарлары, кумандылар, еділдік және литвалық татарлар кіреді (ИБР, 2017 а: 250).

Демек, башқұрттың Мырзалар және Тырнақлы кландарының генофонд ерекшеліктері жергілікті башқұрт элитасының сырттан келген ордалық аристократиямен ықтимал династиялық және некелік байланыстары туралы ғылыми негізделген болжам жасауға мүмкіндік береді. Мұндай әскери-саяси одақтар билеуші ру өкілдеріне үйлену арқылы жоғары мәртебеге ие болған шыңғыс ұрпақтарының «гургэндері» (күйеу балалары) мысалында Моңғол империясының тарихында жақсы белгілі [Рашид ад-Дин 1952: 70]. Башқұрт этнонимиясында өте сирек кездесетін, тарихшы Р. Г. Кузеев мырзаларларда тіркеген «моңғол» этнонимі осы көне дәстүрдің жаңғырығы болуы әбден мүмкін (Кузеев, 2010: 187).

Мырзалар және Тырнақлы руларының этникалық және саяси тарихына одан әрі шолу жасау жазбаша дереккөздерді, ең алдымен олардың шежірелерін тереңірек зерттеу арқылы мүмкін болады. Айлелік (мырзаларлық) башқұрттардың ең көне шежіресін 1919 жылы өлкетанушы Ғ. Вильданов Башқұрт республикасының Месягутов кантонындағы Махмұт ауылында жазып алған, өлкетанушының мәліметі бойынша бұл шежіренің жасы жазып алынған сәтте 200 жылдан асқан (Башкирские шежере, 1960: 166–167, 217). Башқұрт-айлеліктердің БР Туймазы ауданы Балтаев ауылындағы шежіресі де ғылыми қызығушылық тудырады, онда мырзалар башқұрттарының ата-бабасы – Алашай (Алатай) тікелей көрсетілген (ИБР, 2017 а: 752–753). Бұл мәтіндердегі ортақ ата-баба ретінде халық дәстүрінде Майқы бидің ұрпақтарына жатқызылатын белгілі бір Юлбуга аталады. Юлбуганың Шыңғысханның аты аңызға айналған түменбасысымен (темник) тікелей туыстығының дұрыстығы біз үшін күмәнді болып көрінгенімен, оның ұлдары – Имса, Тумса және Куса – дереккөздерде Ай және Юрюзань өзендерінің аңғарларында қоныстанған рулардың тікелей негізін қалаушылар ретінде белгіленген. Шежіре нұсқаларындағы қайшылықтарға байланысты нақты қай рудың

қай ағадан тарағанын дәл анықтау қиынға соғады. Алайда тырнақлылық нұсқада Юлбуга ұлдарының бірі – «Имса бидің» туған жылы – 1471 жыл сақталған (Идельбаев, 1998: 134–135). Есіміндегі «би» қосымшасы сол кездегі башқұрт феодалдық аристократиясының мәртебелік титулы болып табылады (Мажитов, Султанова, 2009: 479–487). Бұл АЮА башқұрттарының ортақ ата-бабасы Юлбуга XV ғасырдың ортасында немесе бірінші үштігінде дүниеге келген деп болжауға мүмкіндік береді.

YFull базасының өзекті деректеріне сәйкес, Мырзалар (I-FT371964 субклада) және Тырнақлы (E581 тармағы) руының өкілдері шамамен XIII–XV ғасырларда өмір сүрген ортақ ата-баба I-Y215805-тен тарайтын екі нақты генетикалық кластерді құрайды (База генетических данных Yfull, Tree DNA). Одан әрі зерттеу барысында ауtosомдық компоненттер бойынша АЮА башқұрттарының Еуразияның ерте ортағасырлық халқымен айтарлықтай ұқсастығы бар екені анықталды. Атап айтқанда, оногур-булғар текті көшпелілердің Da142 үлгісіне (Damgaard et al., 2018), 656 хазар-үлгісіне (Корниенко и др., 2021: 473], сондай-ақ Паннонияны жаулап алу кезеңіндегі венгрлерге (Mari Järve and all, 2019) жақындық байқалады. Біздің іріктемемізде жүргізілген негізгі компоненттерді талдау (PCA) бойынша барлық алдыңғы зерттеулер тұтастай алғанда барлық АЮА башқұрт халқы үшін де өзектілігін сақтайды.

Зерттеуіміздің мақсаттары үшін 1649 жылғы патша Михаил Федоровичке жазылған арыз маңызды болып табылады, онда «Әйле болысының князі» Нурдаулет Кодевляров аталады (ИБР, 2017 b: 278). Құжатта бұл адамның нақты қай руға жататыны көрсетілмеген, өйткені ол кезде біртұтас Әй тобының тұтастығы әлі сақталған болатын. Алайда Әйле тайпасының шежіресінде Нурдаулет Құлырыстың ұлы деп аталған (Башкирские шежере, 1960: 166-167). XVII ғасырдағы «айлелік князьдердің» шығу тегі орда кезеңіндегі әкімшілік элитадан бастау алуы әбден мүмкін. Осы орайда Мырзалар руы атауының этимологиясы өте маңызды: ол жоғарғы алтынордалық аристократия өкілдері аталған «мырза» (князь) терминінен шыққан.

АЮА шегіндегі тағы бір маңызды рулық топ – қазіргі Башқұртстан мен Челябинск облысының шекарасындағы Қаратаулы жотасының бөктерінде орналасқан шағын Қаратаулы кланы. Қаратаулы кланы ұрпақтарының генетикалық маркері ретінде R1b-M73 (DYS390=22 желісі) субклада қызмет етеді. Y-STR маркерлерінің бұл мәндері қаратаулыларды қыпшақ этникалық ортасына немесе оған жақын түркілік қауымдастыққа айқын жатқызады. Бұл қорытындыны біз алғаш рет жариялап отырған, R1b-M73 (DYS385=13–17) гаплотобына, атап айтқанда R-Y20756 субкладына жататынын растаған Қаратаулы кланы өкілінің толықгеномдық BigY тестінің нәтижелері дәйектейді (YFull генетикалық дерекқоры, Family Tree DNA генетикалық, палеоДНК дерекқоры). Генетикалық тұрғыдан бұл желі Моңғолиядағы Таван-Толгой ортағасырлық қорымының материалдарына жақын. Осы тармақта Төменгі Новгород облысының мишарлары, ал спецификалық STR-маркерлері бойынша – башқұрттың Телеу (Теляу) руы, сондай-ақ қырғыздар, қазақтар, өзбектер мен түрікмендердің бір бөлігі орналасқан (ИБР, 2017 a: 250).

Одан әрі, бұрын әкімшілік жағынан Қаратаулы болысына қараған Қалмақлар ауылындағы башқұрттарды талдау нәтижелерін назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұл ауылдың тұрғындары «қалмақтан шыққан тептярлар» сословиелік тобының ұрпақтары болып табылады. Ауылдың негізін қалаушы ұрпақтарының біріне жүргізілген толықгеномдық тестілеу одан C гаплотобының субкладын анықтады. Бір қарағанда, бұл моңғолтілді халықтармен байланысты көрсетеді, алайда бұл субклад бойынша ең жақын генетикалық туысы Қонырат руынан шыққан қарақалпақ (Өзбекстан) болып шықты. Олар бірге жасы шамамен 1050 жыл болатын C-MF168787 субкладын құрайды. Осы топқа Найман тайпасының қазақтары да кіреді (YFull генетикалық дерекқоры, Family Tree DNA генетикалық дерекқоры).

Айлелік шеңбердің төртінші кланы – Тубеляс. Жоғарыда қарастырылған топтар сияқты, бұл ру өкілдерінің абсолютті көпшілігі N1c желісіне, дәлірек айтқанда N-FT411776 субкладына (BigY бойынша) жатады. Бұл субкладтың жасы 1600–2200 жылды құрайды (YFull генетикалық дерекқоры). Осы генетикалық өрісте Үйсін-Сіргелі руының қазақтары,

моңғолдар мен буряттар орналасқан. Осы немесе параллель субкладқа Қоңырат (өкілдердің шамамен 3%-ы) және Жалайыр (тестіленгендердің 22%-ы) руларының қазақтары жатады деген ықтималдық өте жоғары (Жабагин, 2017: 14). Біздің пікірімізше, бұл тубелястардың ата-бабасының Алтай немесе Шығыс Қазақстан жақтан келгендігі туралы рулық аңыздарын растайды (Кузеев, 2010: 256). Сонымен бірге, бұл Тубеляс тайпасының шығу тегін дәстүрлі түрде Қуақан (Кувакан) тайпасына жатқызуға күмән келтіреді, өйткені соңғылары фин-угорлық тегі бар N1c-L1034 субкладына жатады. Қуақан тайпасының ДНҚ-сына қосымша талдау жасау бұл мәселені түпкілікті анықтауға мүмкіндік береді.

Үлкен Айле болысының құрамындағы тубелястарды тіркейтін жалғыз тарихи құжат: «... мы нижайшие башкирцы двенадцати волостей, а именно Айлинской... Тюбеляцкой, Каратавлинской, Тырняклинской... владели вотчинною землею по раздаче ногайского хана...» деп баяндайды (ИБР 2017 а: 312–313). Бұл құжат XVII ғасырдың аяғымен мерзімделеді. Тубеляс руының башқұрттары бұл одаққа дәл орда кезеңінде интеграциялануы әбден мүмкін. XVI ғасырдағы «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» шығармасында: «подчинив народы р.с.т.м туалас... он летовал [в их землях] ...» деп атап өтілген. Зерттеуші И.А. Мустакимов «р.с.т.м» терминін «қыштым» (алым төлеуші), ал «туалас» терминін Тубеляс тайпасының өзатауы (самоназвание) ретінде түсіндіреді (Мустакимов, 2010: 25–26).

Талқылауды қорытындылай келе, қоныстары Ай өзені алабының оң жағында орналасқан Әйле руын (кланын) атап өтейік. Антропологиялық-генетикалық және нарративті деректердің барлық массиві башқұрт-айлеліктердің Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір өңірлерімен терең этногенетикалық байланыстары бар екенін болжауға мүмкіндік береді. Сөз қазақтар мен қарақалпақтар құрамындағы қоңырат және жалайыр сияқты бөлімшелермен, сондай-ақ моңғол және бурят руларымен байланыстар туралы болып отыр. Қоңырат тайпасының қазіргі башқұрт этнонимиясында ресми түрде жоқ екеніне қарамастан, XVIII ғасырдың екінші жартысындағы құжаттарда Златоуст уезінде жер сату кезінде «қоңырат башқұрттары» (кунратские башкиры) тіркелген. N-FT411776, R-Y20756 және C-MF168787 генетикалық желілерін тасымалдаушылар болып табылатын айлеліктердің едәуір бөлігінің дереккөздерде қоңыраттық, жалайырлық немесе алаштық (алыские) башқұрттар ретінде көрінетін топтарға тікелей қатысы болуы ықтимал. Бұл кландардың XVII–XVIII ғасырларда тіркелуі XIII–XV ғасырлар кезеңінде ордалық (моңғолдық) және қыпшақ бірлестіктерінің башқұрт этносының құрамына интеграциялануының ұзақ процесін растайды. Құрылымы мен шығу тегі жағынан ұқсас рулық топтар бүгінде қазақтардың, қарақалпақтардың және ноғайлардың генофондының негізін құрайды, бұл аталған өңірдегі тарихи процестердің тұтастығын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері

Соңғы орта ғасырлар дәуірінде географиялық және саяси жағынан Жошы ұлысының солтүстік шеткі аймағы болған Солтүстік-шығыс Башқұртстан жергілікті (автохтонды) субстрат пен сырттан келген көшпелі элиталардың тоғысуы (конвергенциясы) жүзеге асқан бірегей этномәдени байланыстар аймағы болды. Географиялық тұрғыдан бұл ареал Орал тауларының күрделі тау-орман жүйесімен біріктірілген кең байтақ орманды дала жазығы болып табылады. Уфа (Қараидель) өзенінің ірі сол жақ салалары болып табылатын Ай және Юрюзань өзендері мыңдаған жылдар бойы Оралдың ішкі аудандарын Еуразиялық дала белдеуімен байланыстыратын негізгі көлік және көші-кон дәліздері қызметін атқарды (Турикешев, 2018: 13–15).

Алынған мәліметтер негізінде келесідей тұжырымдар жасауға болады:

Аутосомдық маркерлерді талдау Ай-Юрюзань өзенаралық алабы (АЮА) тұрғындарының негізгі генетикалық қабаты ерте темір ғасыры (сақ-тасмола шеңбері) және ерте орта ғасыр (хазарлар, бұлғарлар, мажарлар) популяцияларымен сабақтастықты сақтайтынын көрсетеді. Осы субстраттың сақталуы ордалық және қыпшақтық

компоненттердің ағыны жаппай сипатта болмағанын, керісінше нүктелі «элиталық инфильтрация» сипатында болғанын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Жаңа Y-DNA және Mt-DNA гаплотоптарын тасымалдаушы топтардың көші-қоны саяси элиталар мен мәдени кодтардың өзгеруіне әкелді, бірақ жергілікті халықтың түбегейлі алмасуын тудырған жоқ.

Зерттеліп отырған кландардың жоғары гетерогенділік дәрежесімен сипатталатын күрделі генетикалық құрылымы анықталды. Мырзалар және Тырнақлы руларының башқұрттарында «шығысаяздық» митохондриялық желілер (C4a1*, U4d2g, D4a) аясында «батысеуразиялық» I1-z140 (Y-DNA) гаплотобының табылуы ерекше көші-қон моделі туралы гипотезаны растайды. «Азиялық» әйелдер желісімен қатар «еуропалық» ерлер желісінің болуы патрилокальды неке стратегияларының және сырттан келген ақсүйектер мен орда аристократиясы арасындағы ұзақ мерзімді династиялық байланыстардың сенімді биологиялық маркері болып табылады. Бұл мәліметтер жазба ескерткіштер мен шежірелерде тікелей расталады, онда Алтын Орда қоғамының жүйелі трансформациясы кезеңінде өздеріне мұрагерлік (вотчиналық) құқықтарды бекіткен Айлы болысының иерархиясындағы «князьдер» мен «мырзалардың» ерекше мәртебесі тіркелген.

Толық геномдық секвенирлеу нәтижелері (соның ішінде ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отырған Қаратауылы руына арналған BigY тестінің деректері) солтүстік-шығыс башқұрттардың бір бөлігінің кең ауқымды қыпшақ этникалық массивімен даусыз байланысын растайды. Сонымен қатар, Түбеляс руында анықталған N-FT411776 субклада (N1c желісі) қазақтың Үйсін және Жалайыр бірлестіктерімен генетикалық туыстықты көрсете отырып, Алтай мен Шығыс Қазақстан тарапынан нақты көші-қон векторын көрсетеді. Бұл түбелясардың өз ата-бабаларының «шығыстық» шығу тегі туралы халық аңыздарын дәйектейді және олардың жалпы башқұрт этносына бірігуі дәл осы Алтын Орда кезеңінде аяқталғанын көрсетеді.

Аймақ халқының антропологиялық және археологиялық сабақтастығы расталды. Алтын Орда кезеңінде АЮОА тұрғындары Дешті Қыпшақтың жалпы әлеуметтік-мәдени және саяси кеңістігіне органикалық түрде сіңісіп кеткені анықталды. Оңтүстіксібірлік антропологиялық типтің басым болуы ерте орта ғасырлардағы (VIII–XII ғғ.) көшпелі топтардан, сондай-ақ Моңғол империясының гүлдену кезеңінен белгілердің тұрақты генетикалық тасымалдануын куәландырады. Тырналы (Турналинское) қалашығымен, ерте исламдық қорымдармен және өзіндік мүкәммалмен (инвентарьмен) ұсынылған археологиялық контекст аймақты Еділ бойы мен Орта Азияның қолөнер орталықтарымен тұрақты сауда және әкімшілік байланыстарды ұстап тұрған Алтын Орда ықпалының маңызды форпосты ретінде белгілейді. Мырзалар руы өкілдерінің Құсейінбек кесенесі мен Қазан кремлінің ақсүйектер қорымдарындағы (атап айтқанда, Махмұд ханның бейнесіне) краниологиялық серияларға анықталған антропологиялық жақындығы олардың Еуразия көшпелілерінің әскери-саяси элитасына генеалогиялық қатысы бар екенін тікелей көрсетеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Ай-Юрюзань өзенаралығының солтүстік-шығыс башқұрттарының этногенезін оқшауланған жергілікті топ (изолят) ретінде емес, Еуразия кеңістігінде және, атап айтқанда, Жошы Ұлысында орын алған ауқымды этномәдени және әлеумет-саяси процестердің органикалық бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Өңірдің рулық бірлестіктерінің қалыптасуы көне ураль-еділлік субстрат қуатты қыпшақтық көші-қондармен және алтынордалық аристократия элиталық топтарын мақсатты түрде кіріктіру (инкорпорациялау) тетіктерімен ұзақ мерзімді өзара әрекеттесуге түскен көп деңгейлі өркениетаралық синтездің нәтижесі ретінде көрінеді.

Қазіргі заманғы шығыстану тұрғысынан алғанда, анықталған генетикалық және тарихи деректер шеткі аймақ халқының Орта Азия көшпенділерімен терең этногенетикалық байланыстарын сенімді түрде тіркейтіні өте маңызды. Зерттеліп отырған кландардың

генеалогиялық векторлары заманауи қазақтар, қарақалпақтар мен ноғайлардың негізін құраған түркі-моңғол топтарының этногенезімен тікелей параллельдерді көрсетеді. Бұл Дешті Қыпшақтың барлық кеңістігіндегі тарихи процестердің бірлігін даусыз айқындайды және Оңтүстік Орал халқының ордадан кейінгі дәуірдің трансконтиненталды сауда және әкімшілік желілеріне интеграцияланғанын растайды.

Археология, популяциялық генетика және жазба деректер мен дәстүрлі шежерелерді сыни тұрғыдан талдау синтезі сынды кешенді пәнаралық әдіснаманы қолдану еуразиялық ориенталистика үшін жаңа перспективалар ашады. Рулық топтардың биологиялық бірлігі туралы этногониялық мифтердің көбінесе этникалық шоғырлану үшін жасалған кейінгі әлеуметтік конструкт екені көрнекі түрде дәлелденді. Шын мәнінде, көшпелі қауымдардың этногенезі күрделі гетерогенді сипатта болды. Ұсынылған зерттеу моделі өзінің жоғары тиімділігін дәлелдейді және орта ғасырлар дәуіріндегі Оңтүстік Орал, Қазақстан және Орта Азияның шекаралас аумақтары көшпенділерінің этносаралық байланыстары мен тарихи өзара іс-қимылын одан әрі зерттеу үшін іргелі негіз бола алады.

Әдебиеттер:

Антропология башкир, 2011 - *Антропология башкир* / М. А. Бермишева, В. А. Иванов, Г. А. Киньябаева и др. – СПб.: Алетей, 2011. 496 с.

Башкирские шежере, 1960 - *Башкирские шежере* / Сост., пер. текстов, введение и коммент. Р.Г. Кузеев; АН СССР. Башкир. филиал. Ин-т истории, языка и литературы. – Уфа: Башкиргиздат, 1960. 304 с.

Берсенёв, Тузбеков 2024 - Берсенёв Е.В., Тузбеков А.И. Результаты трасологического изучения костяных изделий с селища эпохи Золотой Орды Подымалово-1 (по материалам раскопок 2022 года) // *Археология евразийских степей*, №3. Академия наук Республики Татарстан. 2024. С. 47-59.

Гарустович, 2015 б - *Гарустович Г.Н.* Особенности мусульманской погребальной обрядности башкир в эпоху позднего Средневековья // *Этнические взаимодействия на Южном Урале. Материалы VI Всероссийской научной конференции. Министерство культуры Челябинской области; Областное государственное бюджетное учреждение культуры «Челябинский государственный краеведческий музей».* 2015. С. 314-322

Гарустович 2015 а - *Гарустович Г.Н.* Чияликская археологическая культура эпохи средневековья на Южном Урале // *Уфимский археологический вестник*, №15. Уфа, 2015. С. 181-198.

Гарустович, 2016 - *Гарустович Г.Н.* Мусульманская погребальная обрядность северо-восточных башкир в эпоху позднего средневековья // *Вестник Академии Наук Республики Башкортостан.* Уфа, 2016. С. 25-32.

Гарустович, Нечвалода, 2020 – *Гарустович Г.Н., Нечвалода А.И.* Средневековые каменные мавзолеи Башкортостана история, археология, биоантропология. Уфа, Китап. 2020. 400 с.

Генофонд татар, 2021 – *Генофонд татар: историко-генетическое исследование. Гаплогруппы Y-хромосомы* / М.М. Акчурин и [др.]. Казань. Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2021. 112 с.

Ефимова, 1991 – *Ефимова С.Г.* Палеоантропология Поволжья и Приуралья / С.Г. Ефимова; МГУ им. М. В. Ломоносова. М.: Изд-во МГУ, 1991. 95 с.

Жабагин, 2017 – *Жабагин М.К.* Анализ связи полиморфизма Y-хромосомы и родоплеменной состав в казахской популяции (03.02.07 – генетика 2017). Автореф. к. биол. н. 24 с.

Идельбаев, 1998 – *Идельбаев М.Х.* Шәжәрә башкир долин рек Ай и Юрюзань // *Ватандаш*, №5(20), 1998. Уфа, С. 134–141.

Кузеев, 2010 – *Кузеев Р. Г.* Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. Уфа: ДизайнПолиграфСервис, 2010. 560 с.

Корниенко, 2021- *Корниенко И.В. и др.* Y-гаплогруппы костных останков из курганных погребений хазарского времени на территории юга России // Генетика. 2021. Том 57, № 4. с. 464–477.

ИБР, 2017 а – *История башкирских родов. Кудей, Мурзалар, Каратавлы.* Том 23 / С.И. Хамидуллин, Б.А. Азнабаев, И.З. Султанмуратов, И.Р. Саитбатталов, Р.Р. Шайхеев, Р.Р. Асылгужин, В.Г. Волков, А.А. Каримов, А.М. Зайнуллин, Р.М. Сагидуллин. Уфа: ИИЯЛ УНЦ РАН; Китап, 2017. 808 с.

ИБР, 2017 б – *История башкирских родов. Айле, Тырнаклы, Тубаляс.* Том 25. Часть 1 / С. И. Хамидуллин, Б. А. Азнабаев, И. Р. Саитбатталов, И. З. Султанмуратов, Р. Р. Шайхеев, Р. Р. Асылгужин, В. Г. Волков, А. А. Каримов, А. М. Зайнуллин. – Уфа: ИИЯЛ УНЦ РАН; Китап, 2017. 752 с.:

Нечвалода, 2015 – *Нечвалода А.И.* К антропологии северо-восточных башкир: краниологические материалы // Этнические взаимодействия на Южном Урале. Материалы VI Всероссийской научной конференции. Челябинск. 2015. С. 396–401.

Нечвалода, 2019 - *Нечвалода А.И.* Антропология носителей чияликской культуры по краниологическим материалам из могильников центральной Башкирии // Финно-угорский мир в полиэтническом пространстве России: культурное наследие и новые вызовы. Сборник статей по материалам VI Всероссийской научной конференции финно-угроведов. 2019. С. 447-452.

Мажитов, 1964 - *Мажитов Н.А.* Научный отчет о результатах археологической экспедиции за 1964 год. / Архив ИЭИ УФИЦ РАН. Ф.1. Оп.6. Д.10. 33 с.

Мажитов, 1981 а - *Мажитов Н.А.* Курганы Южного Урала VIII–XII вв. М.: Наука, 1981. 162 с.

Мажитов, 1981 б - *Мажитов Н.А.* Южный Урал в XII–XIV вв. В кн.: С.А. Плетнева (ред.), Степи Евразии в эпоху Средневековья. (Археология СССР). М.: 1981. С. 222-223.

Мажитов, Султанова, 2009 - *Мажитов Н.А., Султанова А.Н.* История Башкортостана. Древность. Средневековье. Уфа: Китап, 2009. 496 с.

Мустакимов, 2010 – *Мустакимов И. А.* Владения Шибана и Шибанидов в XIII–XV вв. по данным некоторых арабографичных источников // Средневековые тюрко-татарские государства. Сборник статей. Вып. 2. Казань: Изд-во «Исхлас», 2010. С. 21–32.

Рашид ад-Дин, 1952 – *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей. Т.1. Книга I. Пер. с перс. О.И. Смирновой. Ред. и прим. А.А. Семенова. – Ленинград: АН СССР, 1952. 299 с.

Русланов, 2023 - *Русланов Е.В.* Селище Ябалаклы-1: новые материалы по чияликской культуре Южного Предуралья // Вестник НГУ. Серия: История, филология. 2023. Т. 22, № 5: Археология и этнография. С. 118-130. DOI 10.25205/1818- 7919-2023-22-5-118-130.

Русланов, 2024 - *Русланов Е.В.* Кашинная керамика золотоордынского времени с чияликских селищ Южного Урала // Археология евразийских степей. 2024. № 3. С. 196-205.

Тузбеков, 2017 - *Тузбеков А.И.* Город-гора в культурном ландшафте Башкортостана // Уральский исторический вестник. №4. 2017. С 121-129.

Тузбеков, 2021а - *Тузбеков А.И.* Кашинная керамика с селища Подымалово-1 (по результатам раскопок 2019 года) // Теория и практика археологических исследований. 2021. Т.33. №4. С. 157-165.

Тузбеков, Камалеев 2021 б - *Тузбеков А.И., Камалеев Э.В.* Поливная кашинная керамика XIII–XV вв. с территории Башкирского Приуралья // Проблемы истории, филологии, культуры. 2021. №1. С. 126-139.

Турикешев, Данукалова, 2018 - *Турикешев Г.Т.-Г., Данукалова Г.А.* Геоморфологические особенности Юрюзанско-Айской равнины (Южное Предуралье) // Геологический вестник УФИЦ ИГ РАН. №1. Уфа, 2018. 164 с.

Юсупов и др., 2016 – Юсупов Ю.М., Схаляхо Р.А., Агджоян А.Т., Асылгузин Р.Р., Рыскулов Р.М., Сабитов Ж.М., Жабагин М.К., Богунов Ю.В., Дибирова Х.Д., Балановская Е.В. Родовые объединения северо-восточных башкир в свете данных геногеографии (по полиморфизму Y-хромосомы) // Вестник Академии наук Республики Башкортостан, 2016. Т.21. №4. С.16–26.

Damgaard et al., 2018 – *Damgaard, P.B., Marchi, N., Rasmussen, S. et al.* 137 Ancient human genomes from across the Eurasian steppes // *Nature*, 2018. T.557, № 7705. Pp. 369–374.

Mari Järve and all, 2019 - *Mari Järve, Lehti Saag, Christiana Lyn and all.* Shifts in the Genetic Landscape of the Western Eurasian Steppe Associated with the Beginning and End of the Scythian Dominance // *Current Biology*. Volume 29, Issue 22, 2019. Pp. 2430–2441.

References:

Antropologiya bashkir, 2011 – Anthropology of the Bashkirs / M.A. Bermisheva, V.A. Ivanov, G.A. Kinyabaeva et al. – St. Petersburg: Aleteya, 2011. 496 p. (In Russ.).

Bashkirskie shezhere, 1960 – Bashkir Shezhere (Genealogical Chronicles) / Comp., trans. of texts, intro. and comm. by R.G. Kuzeev; Academy of Sciences of the USSR. Bashkir Branch. Institute of History, Language and Literature. – Ufa: Bashknigizdat, 1960. 304 p. (In Russ.).

Garustovich, 2015a — *Garustovich G.N.* Chiyalikskaya arkheologicheskaya kul'tura srednevekov'ya na Yuzhnom Urale [The Chiyalik Archaeological Culture of the Medieval Period in the Southern Urals] // *Ufa Archaeological Bulletin*. 2015. No. 15. Pp. 181–198. (In Russ.).

Garustovich, 2015b — *Garustovich G.N.* Osobennosti musul'manskikh pogrebal'nykh ritualov bashkir v pozdnee Srednevekov'e [Features of Muslim Funerary Rituals of the Bashkirs in the Late Middle Ages] // *Ethnic Interactions in the Southern Urals. Proceedings of the VI All-Russian Scientific Conference*. Ministry of Culture of the Chelyabinsk Region; Regional State Budgetary Institution of Culture “Chelyabinsk State Museum of Local Lore”. 2015. Pp. 314–322. (In Russ.).

Garustovich, 2016 — *Garustovich G.N.* Musul'manskaya pogrebal'naya obryadnost' severo-vostochnykh bashkir v epokhu pozdnego srednevekov'ya [Muslim Funerary Rituals of North-Eastern Bashkirs in the Late Middle Ages] // *Bulletin of the Academy of Sciences of the Republic of Bashkortostan*. Ufa, 2016. Pp. 25–32. (In Russ.).

Garustovich, Nechvaloda, 2020 – *Garustovich G.N., Nechvaloda A.I.* Srednevekovye kamennye mavzolei Bashkortostana: istoriya, arkheologiya, bioantropologiya [Medieval Stone Mausoleums of Bashkortostan: History, Archaeology, Bioanthropology] Ufa: Kitap, 2020. 400 p. (In Russ.).

Genofond tatar, 2021 – Gene Pool of the Tatars: A Historical-Genetic Study. Y-Chromosome Haplogroups / M.M. Akchurin et al. Kazan: Institute of History named after Sh. Mardzhani, Academy of Sciences of the Republic of Tatarstan, 2021. 112 p. (In Russ.).

Damgaard et al., 2018 – *Damgaard, P.B., Marchi, N., Rasmussen, S. et al.* 137 Ancient human genomes from across the Eurasian steppes // *Nature*, 2018. T.557, № 7705. Pp. 369–374.

Efimova, 1991 – *Efimova S.G.* Paleoantropologiya Povolzh'ya i Priural'ya [Paleoanthropology of the Volga region and Cis-Urals] / Lomonosov Moscow State University. Moscow: Moscow State University Press, 1991. 95 p. (In Russ.).

Zhabagin, 2017 – *Zhabagin M.K.* Analiz svyazi polimorfizma Y-khromosomy i rodoplemennoi sostav v kazakhskoi populyatsii [Analysis of the relationship between Y-chromosome polymorphism and tribal composition in the Kazakh population] (03.02.07 – Genetics, 2017). Abstract of Cand. Biol. Sci. Diss. 24 p. (In Russ.).

IBR, 2017 a – History of Bashkir Clans. Kudey, Murzalar, Karatavly. Volume 23 / S.I. Khamidullin, B.A. Aznabaeu, I.Z. Sultanmuratov et al. Ufa: Institute for Language, Literature and History, Ufa Science Center, RAS; Kitap, 2017. 808 p. (In Russ.).

IBR, 2017 b – History of Bashkir Clans. Aile, Tarnakly, Tubalyas. Volume 25. Part 1 / S.I. Khamidullin, B.A. Aznabaev, I.R. Saitbattalov, I.Z. Sultanmuratov, R.R. Shaikheev, R.R. Asylguzhin, V.G. Volkov, A.A. Karimov, A.M. Zainullin. Ufa: Institute for Language, Literature and History, Ufa Science Center, RAS; Kitap, 752 p. (In Russ.).

Idelbaev, 1998 – *Idelbaev M.Kh.* Shezhere bashkir dolin rek Ai i Yuryuzan [Genealogies of Bashkirs from the valleys of the Ai and Yuryuzan rivers] // *Vatandash*. 1998. No. 5(20). Ufa. Pp. 134–141. (In Russ.).

Kornienko, 2021 – *Kornienko I.V.* et al Y-gaplogruppy kostnykh ostantkov iz kurgannykh pogrebeniy khazarskogo vremeni na territorii yuga Rossii [Y-haplogroups of bone remains from kurgan burials of Khazar period in southern Russia] // *Genetics*. 2021. Vol. 57, No. 4. Pp. 464–477. (In Russ.).

Kuzeev, 2010 – *Kuzeev R.G.* Proiskhozhdeniye bashkirskogo naroda. Etnicheskiy sostav, istoriya rasseleniya [Origin of the Bashkir people. Ethnic composition, history of settlement] Ufa: DizainPoligrafServis, 2010. 560 p. (In Russ.).

Mari Järve and all, 2019 - *Mari Järve*, Lehti Saag, Christiana Lyn and all. Scheib Shifts in the Genetic Landscape of the Western Eurasian Steppe Associated with the Beginning and End of the Scythian Dominance // *Current Biology*. Volume 29, Issue 22, 2019. Pp. 2430–2441.

Mazhitov, Sultanova, 2009 – *Mazhitov N.A.*, Sultanova A.N. Istoriya Bashkortostana. Drevnost'. Srednevekov'e [History of Bashkortostan. Antiquity. Middle Ages] Ufa: Kitap, 2009. 496 p. (In Russ.).

Mazhitov, 1964 — *Mazhitov N.A.* Nauchnyy otchët o rezul'tatakh arkheologicheskoy ekspeditsii za 1964 god [Scientific report on the results of the archaeological expedition for 1964] // Archive of the Institute of Ethnological and Historical Research, Ufa Federal Research Center, RAS. Fund 1, Inventory 6, File 10. 33 p. (In Russ.).

Mazhitov, 1981a — *Mazhitov N.A.* Kurgany Yuzhnogo Urala VIII-XII vv. [Mounds of the Southern Urals VIII-XII centuries] // Moscow: Nauka, 1981. 162 p. (In Russ.).

Mazhitov, 1981b — *Mazhitov N.A.* Yuzhnyy Ural v XII–XIV vv. [The Southern Urals in XII–XIV centuries] // In: S.A. Pletneva (ed.), *Stepi Evrazii v epokhu Srednevekov'ya* [Steppes of Eurasia in the Middle Ages] / Ed. by S.A. Pletneva. Moscow, 1981. Pp. 222–223. (In Russ.).

Mustakimov, 2010 – *Mustakimov I.A.* Vladeniya Shibana i Shibanidov v XIII–XV vv. po dannym nekotorykh arabografichnykh istochnikov [The possessions of Shiban and the Shibanids in the XIII–XV centuries according to some Arabic-script sources] // *Medieval Turkic-Tatar States. Collected Papers*. Issue 2. Kazan: Iskhlas Publishing House. Pp. 21–32. (In Russ.).

Nechvaloda, 2015 – *Nechvaloda A.I.* K antropologii severo-vostochnykh bashkir: kraniologicheskie materialy [On anthropology of northeast Bashkirs: craniological materials] // *Etnicheskie vzaimodeistviya na Yuzhnom Urale* [Ethnic interactions in the Southern Urals]. Materialy VI Vserossiiskoi nauchnoi konferentsii [Materials of the VI All-Russian Scientific Conference]. Chelyabinsk, 2015. Pp. 396–401. (In Russ.).

Rashid ad-Din, 1952 – *Rashid ad-Din. Sbornik letopisey*. T. 1. Kniga I [Collection of chronicles. Vol. 1. Book I]. Per. s pers. O. I. Smirnovoy. Red. i prim. A. A. Semenova. Leningrad: AN SSSR, 1952. 299 p. (In Russ.).

Ruslanov, 2023 — *Ruslanov E. V.* Selishche Yabalakly-1: novye materialy po chiyalikskoy kulture Yuzhnogo Preduralya [The Yabalakly-1 settlement: new materials on the Chiyalik culture of the Southern Urals] // *Vestnik NGU. Seriya: Istoriya, filologiya* [Bulletin of NSU. Series: History, philology]. 2023. T. 22, №5: Arkheologiya i etnografiya [Archaeology and ethnography]. Pp. 118–130. DOI 10.25205/1818-7919-2023-22-5-118-130. (In Russ.).

Ruslanov, 2024 — *Ruslanov E. V.* Kashinnaya keramika zolotoordynskogo vremeni s chiyalikskikh selishch Yuzhnogo Urala [Kashin pottery of the Golden Horde period from the Chiyalik settlements of the Southern Urals] // *Arkheologiya evraziyskikh stepey* [Archaeology of the Eurasian steppes]. 2024. №3. Pp. 196–205. (In Russ.).

Tuzbekov, 2017 — Tuzbekov A. I. Gorod-gora v kulturnom landshafte Bashkortostana [City-mountain in the cultural landscape of Bashkortostan] // Ural'skiy istoricheskiy vestnik [Ural Historical Bulletin]. №4. 2017. Pp. 121–129. (In Russ.)

Tuzbekov, 2021a — Tuzbekov A. I. Kashinnaya keramika s selishcha Podymalovo-1 (po rezul'tatam raskopok 2019 goda) [Kashin pottery from the Podymalovo-1 settlement (based on the results of excavations in 2019)] // Teoriya i praktika arkheologicheskikh issledovaniy [Theory and practice of archaeological research]. 2021. T. 33, №4. Pp. 157–165. (In Russ.).

Tuzbekov, Kamaleev, 2021b — Tuzbekov A. I., Kamaleev E. V. Polivnaya kashinnaya keramika XIII–XV vv. s territorii Bashkirskogo Priural'ya [Glazed kashin pottery of the XIII–XV centuries from the territory of the Bashkir Urals] // Problemy istorii, filologii, kul'tury [Problems of history, philology, culture]. 2021. №1. Pp. 126–139. (In Russ.).

Turikeshev, Danukalova, 2018 – Turikeshev G.T.-G., Danukalova G.A. Geomorfologicheskie osobennosti Yuryuzan-Ayskoy ravniny (Yuzhnoye Predural'e) [Geomorphological features of the Yuryuzan-Aya plain (Southern Cis-Urals)] // Geologicheskii vestnik UFITS RAN [Geological bulletin of the Ufa Federal Research Center of the Russian Academy of Sciences]. №1. 2018. 164 p. (In Russ.)

Yusupov et al., 2016 – Yusupov Y. M., Skhalyakho R. A., Agdzhoyan A. T., Asylguzhin R. R., Ryskulov R. M., Sabitov Zh. M., Zhabagin M. K., Bogunov Yu. V., Dibirova Kh. D., Balanovskaya E.V. Rodovye obedineniya severo-vostochnykh bashkir v svete dannykh genogeografii (po polimorfizmu Y-khromosomy) [Clans of the northeastern Bashkirs in the light of genogeography (according to Y-chromosome polymorphism)] // Vestnik Akademii nauk Respubliki Bashkortostan [Bulletin of the Academy of Sciences of the Republic of Bashkortostan]. 2016. T. 21, №4. Pp. 16–26. (In Russ.).

Қысқартулар тізімі

АЮА - Ай Юрюзан аралығы

Дереккөздер

YFull генетикалық дерекқоры

Family Tree DNA генетикалық, палеоДНК дерекқоры

Sources

Family Tree DNA palaeoDNA genetic database

Yfull Genetic Database

¹ Асылгужин Р.Р. ² Хабибуллин Э.И. ³ Ситдиқов А.Р.

¹ Научный институт изучения Улуса Джучи КН МНВО РК, Астана, Казахстан

^{2,3} Геопарк ЮНЕСКО “Янган-тау”, Салаватский район, Башкортостан (РФ)

E-mail: ¹ asrafil@yandex.ru, ² Murzalar@mail.ru, ³ arsitdik@mail.ru

ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ КОНТАКТЫ В ДЕШТ-И-КИПЧАКЕ: АНТРОПОЛОГО-ГЕНЕТИЧЕСКАЯ РЕКОНСТРУКЦИЯ ВЛИЯНИЯ УЛУСА ДЖУЧИ НА БАШКИРСКИЕ РОДА

Аннотация. Статья посвящена комплексной реконструкции этногенеза северо-восточных башкир (родоплеменные объединения мурзалар, тырнаклы, каратавлы и тубеялс) в контексте масштабных этнокультурных и миграционных процессов на просторах Евразии и постордынского пространства. Новизна исследования заключается в междисциплинарном синтезе: данные традиционной ориенталистики (письменные источники, генеалогические предания — шежере) и археологии интегрированы с материалами физической антропологии и новейшими результатами популяционной генетики. Цель работы - выявить этапы,

направления и механизмы формирования населения Айско-Юрюзанского междуречья в эпоху раннего и позднего Средневековья, рассматривая данный регион как зону активного политического и междивилизационного взаимодействия в границах Улуса Джучи (Золотой Орды). *Методология.* Опираясь на методы археологии, исторической антропологии и популяционной генетики (Y-хромосомный, митохондриальный и аутосомный анализ), авторы определяют степень участия доордынского, кыпчакского и элитного золотоордынского компонентов в сложении генофонда исследуемых групп. *Результаты.* Установлена сложная и гетерогенная структура генофонда северо-восточных башкир, отражающая тесные историко-культурные связи с популяциями Центральной Азии. Генетические линии рода каратавлы соотносятся с широким кыпчакским и южносибирским ареалом, а субклады рода тубеляс демонстрируют прямые миграционные векторы со стороны Алтая, Восточного Казахстана и ряда центральноазиатских групп. Доказано, что влияние Золотой Орды на периферийные территории выражалось не в массовом замещении локального субстрата, а в точечной инфильтрации кочевой элиты с ее последующей интеграцией в автохтонную родоплеменную структуру.

Благодарность: Данная статья подготовлена в рамках выполнения научного проекта ИРН BR 28713777 «Новые источники по истории и географии Казахстана: анализ, перевод и ввод в научный оборот».

Ключевые слова: Улус Джучи, Дешт-и-Кипчак, кочевые элиты, тюрко-монгольские племена, этногенез номадов, Айско-Юрюзанское междуречье, Центральная Азия, межэтнические контакты, шежере, палеогеномика, историческая антропология.

¹Asilguzhin R.R., ²Khabibullin E.I., ³Sitdikov A.R.

¹ Research Institute for Jochi Ulus Studies of Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

^{2,3} UNESCO Geopark “Yangan-tau”, village of Yangantau, Salavatsky district, Republic of Bashkortostan (RF),

E-mail: ¹asrafil@yandex.ru, ²Murzalar@mail.ru, ³arsitdik@mail.ru

ETHNOCULTURAL CONTACTS IN DESHT-I-KIPCHAK: ANTHROPOLOGICAL AND GENETIC RECONSTRUCTION OF THE ULUS OF JOCHI INFLUENCE ON BASHKIR CLANS

Abstract. This article is devoted to a comprehensive reconstruction of the ethnogenesis of the northeastern Bashkirs (the Murzalar, Tyrnakly, Karatavly, and Tubelyas tribal and clan unions) in the context of large-scale ethnocultural and migration processes across Eurasia and the post-Horde space. The novelty of the study lies in its interdisciplinary synthesis: data from traditional oriental studies (written sources, genealogical traditions-shezhere) and archaeology are integrated with physical anthropology materials and the latest results of population genetics. The purpose of the study is to identify the stages, directions, and mechanisms of the formation of the population of the Ai-Yuryuzan interfluvium during the Early and Late Middle Ages, viewing this region as a zone of active political and intercivilizational interaction within the borders of the Ulus of Jochi (Golden Horde). *Methodology.* Relying on the methods of archaeology, historical anthropology, and population genetics (Y-chromosome, mitochondrial, and autosomal analyses), the authors determine the degree of participation of the pre-Horde, Kipchak, and elite Golden Horde components in the formation of the gene pool of the studied groups. *Results.* A complex and heterogeneous structure of the gene pool of the northeastern Bashkirs has been established, reflecting close historical and cultural ties with Central Asian populations. The genetic lineages of the Karatavly clan correlate with a broad Kipchak and South Siberian area, while the subclades of the Tubelyas clan demonstrate direct migration vectors from the Altai, Eastern Kazakhstan, and a number of Central Asian groups. It is proved that

the influence of the Golden Horde on peripheral territories was manifested not in the mass replacement of the local substrate, but in the targeted infiltration of the nomadic elite with its subsequent integration into the autochthonous clan-and-tribal structure.

Acknowledgments: This article was prepared as part of the implementation of the research project IRN BR 28713777, “New Sources on the History and Geography of Kazakhstan: Analysis, Translation, and Introduction into Scholarly Circulation.”

Keywords: Ulus of Jochi, Desht-i-Kipchak, nomadic elites, Turkic-Mongolic tribes, ethnogenesis of nomads, Ai-Yuryuzan interfluvium, Central Asia, interethnic contacts, shezhere, paleogenomics, historical anthropology.

Авторлар туралы мәлімет:

Асылғожин Рафил Рифгатович – Философия ғылымдарының кандидаты, Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

Хабибуллин Эдуард Илдарович – ЮНЕСКО-Ның "Янган-тау" Геопаркі, Башқұртстан (РФ)

Ситдигов Айнура Ринатович – ЮНЕСКО-Ның "Янган-тау" Геопаркі, Башқұртстан (РФ).

Информация об авторах:

Асылғужин Рафил Рифгатович – кандидат философских наук, «Научный институт изучения Улуса Джучи» КН МНВО РК, Астана, Казахстан

Хабибуллин Эдуард Илдарович – Геопарк ЮНЕСКО “Янган-тау”, с. Янган-тау, Салаватский район, Башкортостан (РФ)

Ситдигов Айнура Ринатович – Геопарк ЮНЕСКО “Янган-тау”, с. Янган-тау, Салаватский район, Башкортостан (РФ)

Information about authors:

Asilguzhin Rafil Rifgatovich, Candidate of Philosophical Sciences (PhD in Philosophy)

Research Institute for Jochi Ulus Studies, Astana, Republic of Kazakhstan.

Khabibullin Eduard Ildarovich

UNESCO Geopark “Yangan-tau”, village of Yangantau, Salavatsky district, Bashkortostan (RF)

Sitdikov Ainur Rinatovich, UNESCO Geopark “Yangan-tau”, village of Yangantau, Salavatsky district, Bashkortostan (RF).

Келін түсті 17 маусым 2026 жыл

Қабылданды 15 тамыз 2026 жыл